ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 маусым іс №7119-24-00-2/6114 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Жылы жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының талап қою қанағаттандырылсын.

«Жылы жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жылы жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінен «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына 3 133 (үш мың жүз отыз үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 94 (тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Жылы жүрек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Кіріс № 4412
22 07 20 24

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**
Көшірме дұрыс.

Судья **Э. Ебенбаева**
Анықтама.Шешім заңды күшіне 12.07.2024 жылы енді.

Судья **Э. Ебенбаева**